

**ӘОЖ 371.881.1**  
**КБЖ 81.2 Қаз – 922**  
**А44**

Пікір жазған:

Мукушова Меруерт Алтынбековна – «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы  
Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ аға оқытушысы, п.ғ. магистрі

**Құрастырғандар:**

Алижанова Гүлмира Ануарбековна, Туякова Бибигуль Сейткерейовна,  
Набиева Гүлбану Джақсылықовна – Қарағанды облысы білім басқармасының  
Теміртау қаласы білім бөлімінің «№6 ЖББМ» КММ қазақ тілі мен әдебиеті  
мұғалімдері

Тілдік дағдыны дамыту әдістемесі. Өдістемелік ұсыным: білім беру  
ұйымдарының мұғалімдеріне арналған. – Алижанова Г.А., Туякова Б.С.,  
Набиева Г.Д. – Қарағанды, 2022. – 34 бет.

Бұл әдістемелік нұсқаулықта қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы  
оқушылардың тілдік дағдыларды дамыту тәсілдері қарастырылады. Сонымен  
қатар пәннің мазмұнында тілдік дағдыларды дамыту мақсатында мәтінмен  
жұмысты жүргізу әдістемесі қарастырылады, оқушылардың оқу сауаттылығын  
арттырып, тілдік дағдыларын дамыту үшін тиімді жұмыс түрлері көрсетіледі.

Өдістемелік ұсыным білім беру ұйымдарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні  
мұғалімдеріне арналған.

**ӘОЖ 371.881.1**  
**КБЖ 81.2 Қаз – 922**

© Colorprint, 2022

**МАЗМҰНЫ**

Кіріспе	4
I. Жанартылған білім беру мазмұны аясында тілдік дағдыны дамыту ерекшелігі	6
II. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда оқу мақсаттарына жету тәсілдері	12
III. Сауаттылықты арттыру жолдары және мәтінмен жұмыс	17
3.1. Тілдік дағдыны арттыруда мәтінмен жұмыс тәсілдері	21
3.2. Мәтінмен жұмыста тілдік дағдыларды дамыту	26
Қорытынды	32
Әдебиеттер	33

## КІРІСПЕ

Орта білім беру мазмұнын жаңарту бағдарламаның ХХІ ғасырдың өзгермелі әлемінде табысты болуға қабілетті, жоғары өнегелі, шығармашыл, өзіне сұрақ қоя отырып, сыни тұрғыда ойлана алатын тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және дамыту жолдарын қарастыру негізгі мақсаты болып табылады. Негізінен, жаңартылған білім жүйесі – құзыреттілікке және санаға бағытталған бағдарлама. Төрт дағды коммуникативтік дағдылар: оқылым, тыңдалым, жазылым және айтылым дағдылары болып табылады. Аталмыш дағдыларды меңгертудің өзіне тән ішкі ерекшеліктері бар. Сондықтан өтілетін тақырыпты жоспарлауда әр дағданың өзіндік ерекшеліктерін тиімді құрастыра білу үлкен жауапкершілікті талап етеді.

Сауаттылық ұғымы оны білім берудің әрекеттік аспектісімен бірлікте алғанда ғана кеңейе түседі. Яғни, функционалдық сауаттылық – тұлғаның пәндік білім, білік, дағдыларын әлеуметтік-қоғамдық ортада кез келген жағдаятқа сәйкес еркін қолдана алу мүмкіндіктерінің қалыптасқан жүйесі. Сонымен, функционалдық сауаттылық – жеке тұлғаның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді тұрмыс тіршілікте қолдана алуы мен жетілдіре отыруы. Сонда, функционалдық сауаттылық ұғымына келесі анықтаманы беруге болады: адамның мамандығына, жасына қарамастан меңгерген білімді сауатты қолдана алуы мен үнемі білімін жетілдіріп отыру процесі.

Тілді оқытудағы ең басты мақсат – оқушыны сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету. Сөйлеу тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі, өз сөзін екінші біреуге түсінікті етіп жеткізуді. Сөйлеуге үйрету дегенде мынадай ұғымға мән беріледі: бұл – адам мен адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі яғни бір адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізуді, сөйлеуді, айтуы. Сонымен бірге айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік жауап қайтаруы. Бұл сөйлеуге үйретудің бір адамға ғана мәселе емес екендігін көрсетеді. Ол тілдік коммуникация арқылы жүзеге асады. Сөйлеу әрекеті – тілді үйрену жолындағы маңызды баспалдақ, қажетті шарт қана емес, ол – адамзаттың қоғамдағы орнын, қызметін көрсететін күрделі әрекет. Өйткені, сөйлеу әрекеті адамдық қасиетті білдіретін басты өлшемдердің бірі. Ауызша сөйлеуге үйрету – тілді жалаң үйрену емес, адамның жалпы ойлау қабілетін кеңейту, жетілдіру деген сөз. Жалпы сөйлеу әрекетін меңгеру үшін мына жағдайларды ескеру қажет: Үйрететін тілде сөйлеуге деген қажеттілік; қоршаған орта, жағдайдың әсері; жеке бастың қабілеті; сөйлеудің негізгі мақсатын айқындау [3].

Қазақ тілін оқытуда коммуникативтік мақсатқа жетуле ауызша сөйлеудің маңызы зор. Сөйлеуге үйрету үшін оқыту әдісі ситуативті әдіс болуы керек себебі: ситуативтілік сөйлеу әрекетінің табиғи қасиеті болып табылады.

Сөйлеуге үйрету үшін қажетті ситуацияларды мынадай жолдармен беруге болады:

1) «көз алдына елестетіп көр», «қиялдап көр» деген сияқты т.б. тапсырмалар арқылы ситуациялар құру;

2) белгілі бір ситуацияны жасайтын сурет немесе ситуацияны дамытатын, күшейтетін суреттер тізбегіне қарап, соның көмегімен сөйлеу

3) күнделікті өмірдегі болып жатқан жағдайға ұқсас нәрселерді есептату.

Ұсынылып отырған әдістемелік нұсқаулық қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мазмұны арқылы білім алушылардың тілдік дағдысын, оқу сауаттылығын арттыру мақсатында мәлімен жұмыс түрлеріне бағытталады, яғни мектеп оқушылары кез-келген ауызша немесе жазбаша мәтіндерді сенімділікпен және сын тұрғысынан ойлана отырып пайдаланып, басқалармен әртүрлі тақырып төңірегінде саналы, әрі анық әңгіме жүргізіп, өз проблемаларын өздері шеше алуы қажет. Бұл оқушыларды тарихи мәселелермен қатар, заманауи тақырыптар мен мәселелерді талқылауға дайындап, олардың осы пікірталасқа араласуына түрткі болады.

## 1. ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫНЫ ДАМУЫТ ЕРЕКШЕЛІГІ

Соңғы уақытта табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Ол белгілі бір жағдайларда әртүрлі психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады.

«Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп, лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н. Хомский. Оның пайымдауынша, құзыреттілік термині грамматикалық білімдерге негізделеді. Жалпы алғанда, құзыреттілік дегеніміз – жеке тұлғаның белгілі бір мәселені шешудегі өзара байланысты білім, білік дағдыларының жиынтығы және адамның жеке өзінің іс-әрекет, қызмет саласына сай құзыреттерді меңгеруі. Құзыреттілік – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі.

«Коммуникативтік құзыреттілік» – білім алушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қарым-қатынаста мәселені тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қарым-қатынастық мақсатты іске асыруда жеке тұлғаның тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер адам сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе ала, коммуникативтік құзыреттілікті меңгергені. Коммуникативтік құзыреттілік өз ана тілін және басқа тілді білудегі қабілеттілігін қарастырады.

### Коммуникативтік құзыреттілік:

- нақты өмір жағдайында өзінің міндеттерін шешу үшін қазақ және басқа тілдерде ауызша және жазбаша коммуникациялардың түрлі құралдарын қолдануға;
- коммуникативтік міндеттерді шешуге сәйкес келетін стильдер мен жанрларды таңдауға және қолдануға;
- әдептілік нормаларына сәйкес өзіндік пікірін білдіруге;
- нәтижелі өзара іс-әрекетті, оның ішінде басқа мәдениет өкілдерімен, түрлі көзқарас және әртүрлі бағыттағы адамдармен сұхбат жүргізе отырып, шиеленіскен мәселелерді шешуді жүзеге асыруға;
- жалпы нәтижеге қол жеткізу үшін түрлі көзқарастағы адамдар тобында қатынас (коммуникация) құруға мүмкіндік береді.

Дағды дегеніміз – әрекеттің адам бойында орнығуы. Дағды – жаттығу нәтижесінде пайда болатын автоматтандырылған ептілік немесе әрекет. Дағды адам әрекетінің қай-қайсысында да ерекше орын алады. Дағдының арқасында біздің санамыз қызметтің түпкілікті, шешуші кезеңдеріне жұмылдырылып

табысты болуын қамтамасыз етеді. Қандай да болмасын дағдыға бала басқалармен қарым-қатынас жасау барысында үйренеді. Бала үлкендердің істеген әрекеттерін көріп бақылап, оған еліктейді, кейін оны өзі істей бастайды. Ал оқытуда мұғалым дағдыландыратын әрекеттерін әдейі көрсетеді, түсіндіреді, балалар оның орындалуын бақылайды.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытуда отандық және халықаралық озық үлгілерді тиімді пайдалану, оқушылар бойында тілдік дағдыларды қалыптастыру – бүгінгі күннің басты талабы. Қазақ тілі сабақтарында еркін қарым-қатынас жасауға, сыни тұрғыдан өз көзқарасын білдіруге, өз ойын жеткізіп, шешім қабылдауға дағдыландыра, оқушы қазақ тілінде берілген кез-келген ақпараттарды тиімді қолдана отырып, өзіне қажетті мәліметті ала алады. Сонымен қатар, жаңартылған білім беру бағдарламалары бір тілден екінші тілге көшкен, бар құзыреттіліктерді кеңейтуге ықпал ететін оқыту тәсілдерінің қолданылуын жақтайды (мысалы, мәтін оқу дағдысы). Төменде «тілдер арасындағы үйлесімдікті» қамтамасыз ету мақсатында жасалған, жаңартылған білім беру бағдарламасынан табуға болатын сипаттамалар берілген:

- тілді оқыту мақсатының ауқымын нақты айқындау;
- тілді оқыту (тілдік жаттығу түрлерінің атауы) мен сипаттауда (тұжырымдамалар мен ұғымдар) қолданылатын терминдерді біршама реттеу;
- бағалау әдістерін реттеу.

Әлемдік тәжірибе бойынша тілді тиімді меңгерту төрт дағды арқылы жүзеге асырылады. Оқылм, тыңдалым, жазылм, және айтылым дағдылары коммуникативтік дағдылар болып табылады. Аталған дағдылардың әрқайсысының өзіне тән ішкі дағдылары мен оны үйрету жолдары, яғни ерекшеліктері бар. Сабақты аталған дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгертуге септігін тигізеді. Коммуникативтік дағдыларды басшылыққа алып оқыту функционалды сауаттылықты қалыптастыруға мүмкіндік береді. Грамматикалық білім тілдік төрт дағдыны қалыптастыру барысында жүзеге асып отырады.

Айтылым тілдік төрт дағдының бірі және ол жазылм сияқты продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни тілді қабылдап үйренуден төрі оны қолдану, сөйлеу көрініс тауып отырады. Қарапайым тілмен айтқанда айтылым дегеніміз өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану.

Сөйлеу барысында кейбір әрекеттерді жиі қолданамыз және олар мыналар: сөздерді дыбыстау, сұрақтарға жауап беру, интонацияны қолдану, бірнәрсені түсінбеген жағдайда түсіндіріп беруді өтіну, сөйлеген сөзін бақылау және өзін-өзі түзетіп отыру, пікірталасқа қатысу, жест, мимиканы қолдану, оқиғаларды баяндау беру т.б. Айтылымның ерекшелігін білу мұғалімге оны терең дамытуға, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сабақты жоспарлауға мүмкіндік береді. Айтылым әртүрлі ішкі дағдыларды қамтиды. Оқушылардың айтылымдағы жетістігі олардың әрқайсысын практикалық жаттығулар арқылы дамыту арқылы көрініс табады.

Жазылм продуктивті дағдылар қатарына жатады. Яғни продуктивті дағды дегеніміз тілді қолданып сөйлеу немесе жазу. Жазылм хабарды қағаз

бетіне түсіруді қамтамасыз етеді. Жазу арқылы коммуникацияға түсу үшін біз әріптер мен сөздерді пайдалана отырып, сөйлем құрай алуымыз керек, ал сөйлемдерді топтастыру арқылы біздер өз ойымызды жеткізе аламыз.

Жазылым түрлеріне мыналарды жатқызуга болады: тізім жасау, құттықтау қағазы, электрондық хат, күнделік, хабарлама, әңгімелер, эссе және т.б. Әр жазылымның өзіне сай ерекшелігі болады: жазу стилінің деңгейлері: ресми (ғылыми, іс қағаздар стилі) және бейресми (ауызекі сөйлеу сөздері, хабарламалар); қағаз бетіне орналасу тәртібі; акпараттарды орналастыру реті.

**Жазылымның ішкі дағдыларын екі топқа бөліп қарастыруға болады.** Біріншісі – сауаттылық, ал екінші тобы – идеяны (ойды) жеткізе білуі.

Сауаттылыққа қатысты дағдылар:

Орфографиялық қатесіз жазу;

Әріптерді дұрыс және қосып жаза білу;

Пунктуацияны дұрыс қолдану;

Қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу.

Грамматиканы дұрыс қолдану.

Сөйлемдерді дұрыс байланыстыра білу.

Идеяны жеткізе білуге қатысты дағдылар:

Егер үлгі беру арқылы жазылымды үйретсек, мұны продуктивті жазылым деп атаймыз. Яғни оқушыларды жазылым түрлерінің үлгісімен таныстырып, мәтіннен жұмыс жасатуы керек. Ал егер мұғалім оқушыларға жазылымның барлық каламдарымен жұмыс жасауды қамтамасыз етсе, бұл процесті жазылым деп аталады. Толығырақ айтқанда, оқушыларға тақырыпты талқылаудан бастап, жазылымды жоюларға, алғашқы нұсқасын жаздыру, түзету, тексеруге соңғы нұсқасына дейін орындаға отырып, белгілі бір мәтінді құрастыру. Бұл оқушыларға жазылымның әртүрлі аспектілерін кез келген уақытта жаза білуге дағдыландырады.

Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Яғни оқылым дағдысы мәтінді жазу, айтуда гөрі, оған жауап қайтару немесе мақсатқа сай әрекет етуді білдреді. Қарапайым тілмен айтқанда жазба тілдегі мәтінді түсіну. Ол үшін біз мәтін тілін сөздер деңгейінде, сөйлем деңгейінде және тұтастай мәтін деңгейінде түсіне алуымыз қажет.

**Оқылымның ішкі дағдылары:**

Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу –мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқыл шығу.

Тыңдалым оқылым сияқты рецептивті дағдылар қатарына жатады. Тыңдалым дегеніміз тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну. Тыңдалым ауызекі сөйлеу тілін қамтығандықтан, оның тілі жазба тілден өзгеше болып келеді.

**Тыңдалым түрлері:** Әңгімелесу (диалог), әңгімелер, хабарландыру, әндер, нұсқау, лекция және жарнама және т.б

Сөйлеушінің қарым-қатынасын анықтау үшін тыңдау-сөйлеушінің көңіл-күйін не айтқысы келіп отырғанын түсіну үшін тыңдау.

Интенсивті тыңдалым-сөйлеу барысындағы сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін тыңдау. Мұндағы мақсат-оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру.

Экстенсивті тыңдалым – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды тыңдау.

Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын арттыруда тиімді әдіс тәсілдер қолдану барысында оқыту техникасы туралы ғылым, сондықтан, оқыту ғылымы түрінде жүзеге асуы керек, яғни мұғалім қалай оқыту, неге олай оқыту керек деген түсінік болуы тиіс. Оқытудың тиімді стратегиясы арқылы қалай оқыту керек деген ғылыми тұжырымдамамен тығыз байланысты, яғни қандай үдерістер арқылы, қандай әдістер арқылы, қандай оқыту құралдары арқылы, оқытуды қалай ұйымдастыру керек, қандай факторларды ескеру қажет деген сұрақтарға жауап іздейді. Сонымен, тәжірибелер мен зерттеулер нәтижесі бізге білім мазмұны мен оқыту әдістерін жанаулау керек екендігін көрсетті.

Қазіргі кезде оқытудың тиімді стратегияларына ерекше назар аударуда. Оқытудың тиімді стратегиялары тілдің коммуникативтік қызметін ескере отырып, оны коммуникативтік танымдық жағынан меңгертуді көздейді.

Әдіс шынайы жағдайда баланы қалағалау мен оны бар болмысымен қабылдауға негізделген. Баланы өзін өзі тәрбиелеуге, өз бетімен оқуға және өзін өзі дамытуға бағыттау.

Оқылым, жазылым, айтылым және тыңдалым – сыныптардағы барлық пәндер үшін маңызды болып табылатын қарым-қатынас жасау дағдылары. Сондықтан да оқушыларға осы төрт дағдыны барынша жетілдіруге мүмкіндік берудің маңызы зор. Нақты белгілі бір дағдыны жақсарту тәсілдерінің бірі-оңы дағдыға ерекше назар аудару отырып, содан кейін бірнеше тілдік дағдыны қамтитын жағтыгуларды біртіндеп енгізу болып табылады. Мысалы, тақырыпты талқылау тиісті лексиканы қолдануды көздейді, сол арқылы оқылым бойынша тапсырмаға қызығушылық туғызады, осыдан кейін оқығанның негізінде жазбаша тапсырма орындаудың үлгісі ұсынылады. Дағдыларды осылайша біртіндеп енгізудің тағы бір жолы-аудио-мәтін тыңдап немесе бейнематериал немесе бейнематериал көрсетуге болады, содан кейін пікірталас жүргізуге немесе жазбаша тапсырма орындауға болады.

**Белсенді оқу** — оқушыларға эксперимент жасауға, мағына құрып, түсінік қалыптастыруға, жана білім мен бұрынғы меңгерілген білімнің арасында байланыс орнатады, қателік жіберу, барынша терең түсінуге жетелейді.

**Бірлескен оқу** — құрылымдалған топтық жұмыс. Тұлғааралық және қарым-қатынас дағдыларын жақсартыды; оқушылардың арасындағы кедергілерді жояды.

**Саралау** — Әр оқушының оқудағы жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру;

түсінік пен дағдыларының дамуын қамтамасыз етеді;

өз күшіне сенім мен уәжді арттырады;

оқушыларға идеяларды терең түсінуге көмектесе отырып

шығармашылыққа ынталандырады;

барлық оқушылар үшін пайдалы;

барлық оқушылардан күтілетін нәтижені арттыра алады;

ұрпақтың жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы.

моделдеу-сарапшы мысал келтіреді және оны көрнекі үдерістердің көмегімен түсіндіреді:

- Оқушыларға пән мазмұнын зерделей отырып, сарапшы ретінде ойлануға жетелейді;
- Оқушылардың барынша тәуелсіз болуына жағдай жасай отырып, тапсырманы кезеңдерге бөледі;
- Үдеріс барысында рефлексия жасауға ынталандырады.
- Электронды оқу және жаңа технологияларды пайдалану:
- Белсенді оқудың қызықты құралдарын ұсынады;
- Уәждеу құралы бола алады;

• Зерттеу, қарым-қатынас жасау, бірлесу және жүзеге асыру үшін қолдана алады;

• Оқушыларға ақпарат іздеуге және өздерінің жеке құралдарын табуға мүмкіндік бере отырып, тапсырманы орындауда өз үлесін сезінуіне мүмкіндік береді;

- Сыныптан тыс оқуға мүмкіндік береді.

**Оқу диалогтері – оқушылардың тапсырмаларды талқылауы:**

- Тапсырмаға өз үлесі бар екенін сезіндіреді;
- Оқушылардың өзара білімі мен дағдылар алмасуына жағдай жасайды;
- Барынша терең түсінуге ынталандырады;
- Оқушылардың өздерінің ілгерілеуі туралы рефлексия жасауына және әрі қарай не істеу керектігі туралы шешім қабылдауына мүмкіндік береді;
- Оқушыларды қызықтырады және уәждейді.

**Оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру:**

- Оқудың дұрыс жүріп жатқанын білу мақсатында оқуды тексеру және кері байланыс ұсыну;
- Уәждік және өзіндік бағасын арттырады;
- Оқыту үдерісіне бағыт береді;
- Оқушыларға оқу үдерісін жақсартуға мүмкіндік береді;
- Оқушыларға барынша тиімді оқу жолдарын түсінуге көмектеседі.
- Пәнаралық байланыс (Оқу пәндері арасында байланыс орнату):
- Білім беру бағдарламасына тереңдік пен тепе-теңдік береді;
- Терең білім алуға мүмкіндік береді;
- Көптеген дағдыларды ұсынады;
- Түсінік пән дағдылардың дамуына көмектесе алады;
- Оқу үдерісінің маңыздылығының барынша арттыруға көмектеседі;
- Оқушыға деген уәжді барынша арттыра алады.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту біздің алдымыздағы басты міндетіміз. Қорыға айтқанда, тиімді стратегияларды қолдану арқылы оқушылардың коммуникативтік дағдыларын қалыптастыра отырып белгілі бір жетістікке қол жеткізсе аламыз. Болашақ

## II. ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУДА ОҚУ МАҚСАТТАРЫНА ЖЕТУ ТӘСІЛДЕРІ

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру. Білім алушылар әңгіме, поэзия, драма, сондай-ақ, ғылыми және бұқаралық ақпарат құралдарының (газет-журналдар, т.б.) материалдарын сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады. Оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады. Сондай-ақ қазақ тілі мен әдебиетінің тақырыптық және тілдік ортақтығы арасындағы өзара байланыстың күшейтуі арқылы білім алушылардың қазақ тілінің түрлі стильдерін бір оқу бағдарламамы аясында меңгеруіне ықпал етеді. Өйткені ортақ тақырып қазақ тілі мен әдебиеттен алынатын білімдердің ерекше синтезін жасайды. Оны меңгерту үшін жана деңгейдегі оқу-танымдық процесті ұйымдастыратын әдістер мен тәсілдер жүйесі де айқындалуы керек [2].

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін кіріктіріп оқу арқылы оқушылар:

- сөздік қоры мен тілдік сауаттылығын дамытады;
- тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін түсінеді;
- ойлау және танымдық қабілеттерін дамытады;
- коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді және өзгелермен еркін қарым-қатынас жасауды үйренеді;
- қазақ халқы мен мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қалыптастырады, қызығушылығын арттырады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін кіріктіріп оқытуда жана әдістемелік логика ұсталады, сабақты ұйымдастыру, ең алдымен, оқу материалының ерекшелігіне, сынш деңгейіне негізделеді. Жанартылған коммуникативтік бағыт тек коммуникативтік әдістерді атап қана қоймайды, әрбір коммуникативтік әдісті іштей кіші бөлшектерге бөліп, олар кіші дағдылар – оқу мақсаты түрінде әрбір сыныпқа төменнен жоғары қарай дамып, күрделене түсетін спираль түрінде жүйелі құрастырылады. Өйткені коммуникативтік бағытты ұстану үшін мұғалім мен білім алушылардың және білім алушылардың өзара, жеке, жұпта, топшен, ұжыммен еркін түрде сұхбаттауына лайықталып құрылған білім берудің жүйелі үдерісі қалыптасуы керек.

Бағдарламада көрсетілген оқу мақсаттарының нәтижесіне жету үшін мұғалім мен білім алушының өзара педагогикалық ықпалдауы жана дәрежеге көтерілуі тиіс. Ол дәрежеге өзара сыйластық, іскери ынтымақтастық және сұхбаттасып отыру арқылы қол жеткізуге болады. «Мұғалім білім алушылардың қазақша еркін сөйлеп, жазып, үйренуі үшін түрлі интерактивтік әдістерді қолданып, бірге коммуникативтік жағдаяттың шешімін іздеп, олармен эмоциялық жақын болуы керек. Ынтымақтастық, достық, сыйластық, түсіністік орнату – басты қағида болады [2].

«Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлеуге және сауатты жазуға үйрету.

Оқыту мақсаттары арқылы, мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді. **Оқыту пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды:**

- 1) **тыңдалым;**
- 2) **айтылым;**
- 3) **оқылым;**
- 4) **жазылым;**
- 5) **тілдік бағдар.**

**«Тыңдалым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:**

- 1) болжау;
- 2) назарын шоғырландырып тыңдау;
- 3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;
- 4) көркем шығармаларды тыңдау;
- 5) негізгі ойды анықтау;
- 6) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

**«Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:**

- 1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;
- 2) стильдік ерекшеліктерді анықтау;
- 3) көркем шығармаларды оқу;
- 4) мәтіндегі салыстырмалы талдау жасау;
- 5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;
- 6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.

**«Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:**

- 1) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;
- 2) эссе жазу;
- 3) көркемдегіш құралдарды қолданып жазу;
- 4) мәліметтерді жинақтау;
- 5) орфография және пунктуация.

**«Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:**

- 1) сөздік қорының алуандығы;
- 2) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;
- 3) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
- 4) мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;
- 5) сенімді және еркін жауап беру;
- 6) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.

**«Тілдік бағдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:**

- 1) сөз таптары;
- 2) сөйлем.

Мұғалімдер тілдік дағдыны дамыту мақсатында сабақ жоспарлауда төмендегілерге назар аударулары тиіс:

1. Дифференциация (саралап оқыту) – оқушылардың жеке қабілет ерекшеліктерін ескере отырып оқыту. Қабілеті жоғары немесе төмен оқушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, сабақ мақсаттары, бағалау нәтижелері, тапсырмалар деңгейі қаралаймынан күрделіге қарай құрастырылуы қажет. Сонымен қатар, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыруда оқушыларды қабілеттеріне қарай араластырып отыру ескеріледі. Орта мерзімді жоспардың «Мұғалімге арналған ескертпелер» бағанында нақты түрлерін практикада жүзеге асыру жолдары көрсетілген.

2. Сабақ барысында оқушыларға жеке «ойлан», жұппен «талқыла» және топпен «бөліс» әдісін кенінен қолдану ұсынылады. Бұл өз кезегінде оқушыларға білім, ақпарат, идея, тәжірибе алмасуға, сыни ойлауға мүмкіндік береді.

3. Орта мерзімді жоспарларда әр сынып бойынша әртүрлі лексикалық тақырыптар берілген. Лексикалық тақырыптар белгілі бір салаға байланысты сөздік қорды меңгеруге, ақпараттармен танысуға, таныммен кеңейтуге бағыттайды. Сыныптан сыныпқа өткен кезде лексикалық тақырыптар арасында байланыс болу үшін бір тақырыпты әртүрлі мақсатта қарастыру ұсынылған. Бұл байланыс сол тақырыпта қарастырылатын мәселеге, деректерге әртүрлі қырынан келуге мүмкіндік береді.

4. Орта мерзімді жоспарларда әр бөлімге арналған сағат сандары ұсынылған. Пән мұғалімі оқушылар мен сыныптардың ерекшеліктеріне қарай сағат сандарына өзгеріс енгізе алады. Дегенмен, бір тоқсанға берілген лексикалық тақырыптар мен оқу мақсаттары толық қамтылуы тиіс.

5. Орта мерзімді жоспарда көрсетілген оқыту ресурстары үлгі болып табылады. Мұғалімдер қажет деп тапқан жағдайда қосымша ресурстар қолдана алады.

6. Бір сабақта оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым бойынша нақты нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін бір немесе екі оқу мақсаты (дағды) ғана алынғаны дұрыс. Үш немесе одан да көп дағдыны алу сабақтың мақсатына жетуге, қажетті дағдыларды терең қалыптастыруға мүмкіндік бермей, оқушыларда тұрақсыз білім қалыптастыруы мүмкін.

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәнінен тыңдалым мен айтылым бойлау әрекеттерін дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:**

- күнделікті тақырыптар аясында және таңдау тақырыбына байланысты: ғылыми және т.б. белгілі бір уақыт ішінде (қысқа) еркін сөйлесу;
- ауызша тілдесімді түсіне білу және оны қысқаша мазмұндай білу, оны жалғастыру;
- ақпараттардағы негізгі байланысты анықтай білу және оны жүйелі баяндау;
- әртүрлі мәтіндердің стильдері мен ерекшеліктерін түсіне білу және бағалау;
- бұқаралық ақпарат құралдарының тілін түсіну;

- тыңдауға, мазмұнын түсінуге әртүрлі жанрдағы мәтіндерді ұсыну;
- мәтінді қайтадан тыңдатып, негізгі ойға назар аударту;
- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;
- мәтін бойынша жоспар құру; - тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;

- мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу;

- ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;

- жоспарланған тақырыптар бойынша пікірталас ұйымдастыру (мысалы, «Бізге, яғни оқушыларға мектеп формасын кию қаншалықты қажет?»);

- жұпта ым-ишараны пайдаланып, оқиғаны жазуға дайындалу (мысалы, «Бағытталған оқу» және «Бағытталған жазу»);

- ауызша айтылғанды түсіну және сұрақтарға жауап бере білу; - берілген тақырып бойынша диалог құрастыру.

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәнінен оқылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:**

- қазақ тіліндегі әртүрлі оқылым материалдарын меңгеру, яғни бүгінгі таңдағы газет-журналдар, қысқа әдеби мәтіндер, пікірталас туғызатын және белгілі бір мәселе қозғалған мақалалар, хаттар және т.б.;

- көз жүгіртіп оқу, жалпы мазмұнын түсіну және нақты ақпаратты табу үшін оқу, ақпараттарды алу үшін оқу, көркем шығармаларды оқу, автор көзқарасын табу үшін оқу;

- кітапқа ауызша және жазбаша шолу жасау;

- интернет ресурстарымен жұмыс (тақырып мазмұны бойынша презентациялар, жобалар дайындау);

- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;

- әдебиетпен жұмыс (сұхбатқа сұрақтар мен жауаптар дайындау);

- көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу;

- мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу;

- ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу.

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» кіріктірілген пәнінен жазылым дағдысын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:**

- тыңдалған және оқылған мәтіннің қысқаша мазмұнын, фильм мен кітаптан алған әсерлерін жазу;

- оқушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу;

- әдеби шығармадан алынған көркем, бейнелі сөздерді жаздыру;

- әдеби шығармадағы жаңа сөздерден сөздік құрастыру;

- газетке шағын хабарлама/мақала жазу;

- белгілі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау;

- әдеби шығарма мәтіндегі оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау; ақпаратты суреттер мен сызбалар, белгілер, пиктограммалар арқылы беру;

- сұхбатқа сұрақтар дайындау.

Мұғалімдер пән бойынша оқу бағдарламасының талаптарын орындауға тиіс, сонымен бірге оқыту барысында төмендегі бірқатар мәселелерді ескеру керек:

- сабақта бірнеше жаттығу түрлерін жоспарлау;

- қысқа уақыт алатын жаттығу дайындау (әдетте баланың назары бір нәрсенің төңірегінде ұзақ шоғырланып тұрмайды);

- бір жұмыс түрінен екіншісіне біртіндеп ауысып, оқушыларға сабақтың басты мақсаты туралы ескертіп отыру;

- сыныппен өзара әрекеттестік стилдерін өзгертіп отыру;

- жеке, жұптық, топтық немесе барлық сыныпты қамтитын жұмыс түрлерін араластырып қолдану.

### III. САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ ЖӘНЕ МӘТІНМЕН ЖҰМЫС

Сауаттылық – ана тілінің заңдары мен ережелерін оларды ауызша және жазбаша сөйлеуде пайдаланудың берік дағдыларымен үйлестіре отырып білу. Сауаттылық: бастапқы оқу және жазу қабілеттілігі. Бұл негізгі мағынасында термин сауатсыздық әлеуметтік мәселе ретінде қарастырыла бастаған 19 ғасырдан бері қолданылады.

Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, өмірлік мақсаттарды жүзеге асыруға арналған оқығанын пайдалану бағаланады. PISA зерттеулерінде оқу сауаттылығы мәтіннен қажет ақпаратты табумен бағаланады:

1. Мәтіннен қажет болатын көп ақпарат алу;

2. Мәтіннен ең қажетті ақпаратты табу;

3. Мәтіндегі ақпараттарды жіктеу;

4. Терең мазмұнды ақпаратты табу;

5. Күрделі мәтінді қорытындылау;

6. Мәтіннен ой түю. Ал орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілі мен әдебиетін оқи отырып, оқушылар негізгі төрт тілдік дағды, атап айтқанда болсақ, айтылым, тыңдалым, оқылым және жазылым бойынша түсініктері мен қабілеттерін кеңейтеді. Оқу сауаттылығы осы төрт дағды негізінде жүзеге асады:

#### Тыңдалым және айтылым бойынша:

берілген ақпаратты түсіну;

негізгі идеяны және түрлі жағдайлар тұрғысынан мәтіндегі көптеген көзқарастарды анықтау;

тыңдалған материалға жауап беру;

жасырын мәнді анықтау;

қоғамдық және іскерлік жағдайлардағы тіл мәдениетін түсіну және іске асыру;

тыңдаушылардың назарын аудару үшін әдеби тәсілдерді пайдалану;

тыңдалған материалды бағамдау;

мультимедиа ресурстарын пайдалана отырып, сөйлеу және тыңдау.

#### Оқылым бойынша:

жазбаша ақпаратты түсіну;

мәтіннің негізгі идеясы мен құрылымын анықтау;

мәтіндегі лексиканың ерекшеліктерін түсіну;

сұрақтарды тұжырымдау және бағамдау;

мәтіннің түрлері мен стилін анықтау;

әртүрлі оқылым стратегияларын пайдалану;

түрлі ақпарат көздерінен қажетті ақпаратты алу;

мәтіннің салыстырмалы талдауын жасау.

### Жазылым бойынша:

өз көзқарасын білдіре отырып мәтін жазу;  
тиісті стильді пайдалана отырып, алуан түрлі тақырып бойынша мәтін жазу;

жоспар құру;  
өзіндік стильде мәтін құру;  
тыңдалым, оқылым және аудиовизуалды материал мазмұнының үдесінен шығу үшін шығармашылық түрде жауап жазу;  
түрлі жанрда мәтін құру;  
мәтіндерді салыстыру;  
мәтіндерді түзету және түрлендіру;  
оқарманның қызығушылығын оятып, оны сендіру үшін жазу;  
өссе жазу [3].

Оқушыларды оқу сауаттылығына баулуға, рухани жандүниесін, шығармашылық дарын көзін ашуда, оқушының танымын дамытуда жаңа технологияларды пайдалану маңызды рөл атқарады. Зерттеу әдістері, пікірталас, миға шабуыл, сыни ойлауға дамыту тәсілі, топтық жұмыс түрлері, т.б. әдістер оқушының шығармашылық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлауға, өз көзқарасын дәлелдей білуге, оқу материалын тереңірек түсінуге көмектеседі.

Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқылудың тиімді әдістері қандай?» деген саяқты негізгі сауалдар туындайды. Бұл сауалдар оқу бағдарламасымен және оқу бағдарламасын жүзеге асыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдермен тығыз байланысты. Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері бойынша жанартылған оқу бағдарламалары да осы үдерістің құрамдас бөлігі болып табылады [3].

Бұл бағдарламалар оқушылардың оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқушылар әр жылы келесі сыныпқа ауысқан сайын ақпаратты бағамдау, дәлелдерді қабылдау және өз дәлелдерін ұсыну, тапсырмаға, аудитория мен мақсатқа сай келетін терең жазбаша материалын өндіру үшін аталған дағдыларын қолдануда шеберлігі арта түспек. Олар алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез-келген орта жағдайында, ресми немесе іскерлік ортада бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім алады. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті арқылы оқушылар өз білімдерін қажетті жағдайларда қолдануды үйренеді, соның нәтижесінде олардың бәсекеге қабілеттілігі артып, өмірде туындайтын әртүрлі қиындықтарды еңсеру барысында қолдануға мүмкіндік алады.

Осы орайда қазақ педагогикасында өзіндік орны бар белгілі ұстаз Қ.О. Бітібаева: «Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір есеке алатын мәселе – өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр. Әдебиетті оқытуда мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауда, не соны қаз-қалпында мазмұндауды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем туынды туралы

оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлен жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында», деп әр сабақта оқушыларды функционалдық сауаттылыққа баулу, яғни жеке тұлғаны көркем мәтінді тұшынып оқуға ғана емес, сол мәтіннен келешек өміріне өмірлік жағдаяттардан ой туғызып, өмірлік сабақ алуға үйрету қажеттігін айтады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың және оның оқушы бойында қалыптасқандығын анықтаудың негізгі құралы – шығармашылық бағыттағы тапсырмалар. Мәтінді толық түсіну, мәтіннен негізгі ақпаратты анықтай білу, мәтіндік және графикалық ақпаратты интерпретациялау сияқты оқу сауаттылығын арттыруға бағытталған мақсатты көздейтін тапсырмалар түрлерін пайдаланып отырамын.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерін оқытудағы теориялық материалдар оқушының қазақ тілі, әдебиеті туралы ұғымдарын кеңейтуге, лексикалық тақырыптарды меңгерту грамматиканы оқытудан бөлек қарастырмай, функционалдық-коммуникативтік мәнмәтінде оқытуға негізделген. Грамматикалық бірліктердің мәтінді құруға қатысуда қандай функционалдық мағыналық қызмет атқарғанын таныту функционалдық грамматиканың міндеті болып табылады. Негізгі ерекшеліктердің бірі дағдылар мен оқу мақсаттарының «Блум таксономиясы» негізінде жіктеліп, заманауи шығармалардың оқу бағдарламасына енгізілуі арқылы оқушыларды креативті ойлауға бағыттау болып табылады. Оқу барысында тыңдаушылар бағдарламаның барлық бөлімдерімен танысып, оқу қағидағтары және табысты мұғалімге қажетті әдіс-тәсілдер мен дағдылар жан-жақты зерделенеді.

Шырышықты оқу қағидағына негізделген бағдарлама мұғалімдердің пән бойынша оқу бағдарламаларының мазмұнын білуін қамтамасыз етуді, педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын қолдануды үйрету мен оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериялды бағалау жүйесін қолдануды үйретуді міндеттейді. Бағдарламадағы басымдылық оқу нәтижелеріне берілген. Мұғалімдер әр пәннің ерекшеліктері мен оқу бағдарламаларының мақсаттарын, міндеттерін, құрылымын және мазмұнын біліп түсіне алуы қажет. Пәндерді оқытуда оқу бағдарламаларына сәйкес педагогикалық тәсілдер мен оқу материалдарын қолдана білуі оқушылардың танымдық деңгейін арттыра алады. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін критериялды бағалау жүйесін түсінеді және қолдана біледі. Сонымен бірге мектеп жаңа ұрпақты өмірге және қоғамдағы белсенді қарым-қатынасқа дайындауға бағытталған әлеуметтік міндетін атқару барысында оқушылардың бойында ұлттық және жалпы адами құндылықтарды қалыптастыруы қажет. Білім стандарты мен оқу бағдарламаларында құндылықтарға аса мән берілген [3].

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндері «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясын жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады, өз кезегінде ол ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдайтын адамдар құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін және Отанының дамуына өзіндік үлес қосуды қалайтын тұлғаны тәрбиелеу арқылы жүзеге асуы көрсетілген. Сонымен қатар отаншылдық пен белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыруға ерекше мән

берілген. Түрлі дереккөздермен жұмыс жасау дағдысы қалыптасады. Оқу пәнінің басты мақсаты: оқушылардың бойында тілді меңгеру арқылы жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту, зерттеушілік ойлау, коммуникативті, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту. Жанартылған оқу бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктеріне берілген пәндер мазмұнының көлемі тақырыптық бөлімдерді біріктіру арқылы жетілдірген. Сонымен бірге білім мазмұны әдбиет, тарих, биология, география, физика сияқты өзге пәндермен тығыз байланысты.

### 3.1. Тілдік дағдыны арттыруда мәтінмен жұмыс тәсілдері

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерге байланысты қазақ тілін оқыту сапасын арттыру – жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымын қалыптастыруға, әлемдік сана деңгейін, білім негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұны бойынша белгілі бір жүйеге құрылған, нәтижеге бағытталған, мақсатты жұмыстар атқару үшін жол ашты. Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін жалпы білім беретін мектептердегі білім алушыларға қазақ тілін оқытудағы мақсат – мектеп бітірушілерді, ең алдымен, мемлекеттік тілді меңгерте отырып, қазақ тілінде өз ойын ауызша және жазбаша сауатты жеткізе алуға үйрету. Ол үшін білім алушыларға күнделікті тұрмыста жиі қолданылатын сөздерді игеруге, қазақ тіліне тән дыбыстардың емлесін толық меңгеруге, дыбыстарды дұрыс айтып, қазақ тілінде ауызекі сөйлесетіндей дәрежеге жеткізу қажет. Ал мұндай істі жүзеге асыру мақсатында, яғни білім алушыларды қазақша сөйлеуге дағдыландыруда қазақ тілін аудармасыз оқыту әдістемесін қарастырған жөн.

Тіл үйрету барысында дидактикалық ұстанымдардың ішінде саналылық ұстанымының алатын орны зор. Тіл үйренуші, алдымен, тілдік бірліктер мен олардың қолданылуы туралы ережелерді үйренеді. Артынан жаттыға келе оларды автоматты түрде жүйелі қолдануға ұласады. Белсенділік ұстанымы бойынша оқытушының аз, тіл үйренушінің көбірек сөйлегені басты назарда болады. Тындаушы белсенділігін жетілдіру үшін үйретудің ойын, жарыс, көрнекілік түрлері қолданылады. Көрнекілік ұстанымы – кең тараған ұстанымдардың бірі. Сөзім мүшелері арқылы нені қабылдауға болады – соның бәрі көрнекілік қызметіне жұмсалды [3].

Аталған ұстанымның тілдік және тілдік емес деп аталатын екі түрі бар. Тіл үйрету сабақтарында көрнекілік ұстанымының төмендегі қызметі анықталады:

- 1) Үйретушілік;
- 2) Бақылаушылық;
- 3) Ұйымдастырушылық.

Оқыту ұстанымдары тіл үйренушілердің оқу материалын қаншалықты түсініп, түрлі жағдаяттарда қолдануынан көрінеді. Түсініктілік ұстанымы материалдардың қаншалықты деңгейде игерілгенінен көрінеді әрі бұл ұстаным берілетін материалды нақтылы жоспарлап, әркез толықтырып, өңден отыруды қажет етеді. Оқытушының кәсіби құзыреттілігі оқытушы бойында төрт түрлі қабілеттіліктің болуын көздейді. Лингвистикалық ұстанымдардың ішінен тіл үйретудің жүйелілік және функционалдық ұстанымдарының маңызы зор. Психологиялық ұстанымдарда ынталандыруға көбірек назар аударылады. Бұл ұстанымдарды қоғамдық қажеттілік тудырып отыр. Жеке әдістемелік ұстаным бойынша қатысымдық, тіл үйренушінің ана тілін ескеру, оқытудың кәсіби бағытталуы, оқытудың жағдаяттық-тақырыптық тұрғыдан ұйымдастырылуына баса мән беріледі. Соңғысында шетел тілінің бай тәжірибесінде тілді қарапайым деңгейде үйрену үшін тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени деңгейде білу үшін негізгі бес тақырып: өзі туралы, достары мен таныстары туралы,

отбасы туралы, өз жұмысы туралы және бос уақытта немен айналысатыны туралы айта білу ескеріледі [6].

Бұл орайда алдымен қазақ тілін оқытудың қағидадарын қарастырған жөн. Қазақ тілін оқытудың барысында мұғалім оқытудың формалары мазмұнын, міндеттерін шешуде, әдістемені анықтауда дидактикалық қағидағи басылысқа алады. Қағида (принцип) – латын сөзі, «основа, первоначальнорукующая идея», қазақшасы – оқытуда басылысқа алатын идея, қағида. Қазақ тілін оқытудың барлық сатысында бағыт беретін негізгі жұмыс бағыты осы.

#### Саралап қағидағидарды қарастыратын болсақ:

**1. Қазақ тілін оқытудың ғылымдық қағидағи.** Қазақ тілінң негізгі салаларын оқыту да ғылыми фактілерге, дәлелдерге, ұғымдарға, басқа сөзбен айтқанда, ғылыми принципке негізделеді. Профессор Ә.Исабаев: «Білім алушыларға берілетін тілдік мәліметтер төмендегі өлшемге сәйкес болуы; меңгерілетін объектінің термині анық болуы қажет. Мәселен, төртінші және бесінші сынып білім алушыларына берілетін және онымен таныстырылатын терминнің аясын аса ғылыми дәрежеде кеңейтіп беруге болмайды: айталық дауысты дыбыстарды – вокализм деп, дауыссыз дыбыстарды – консонантизм деп түсіндіруге келмейді. Сондай-ақ қосынды дауыстыларды – дифтонгизм деп түсіндіруге болмайды. Сондықтан да қазақ тілінен нақтылы білім беруде, сол сынып деңгейіне ғана сиятын терминдерді ғана пайдалануға болады», - дейді. Сөйтіп, қазақ тілін оқыту барысында оқытушы берілетін білімнің (тақырыптың) ғылыми жағына, оның зерттелуі, тарихи даму ерекшелігі, ғылыми фактілер, анықтамалар, терминдерді білім алушылардың жас ерекшелігіне қарай түсінікті айту арқылы жүргізіледі.

**2. Жүйелілік қағидағи.** Қазақ тілін оқытуда оқытушының бірінші басылысқа алатыны – әр сыныптың жас ерекшелігіне байланысты білім көлемінің бір жүйеде берілуі. Бағдарламала берілген материалдың орналасу жүйесі бастауыш сыныпта, орта және жоғарғы сыныпта көрсетілген. Берілген материалдар сабақтаса отырып, толықтырылып, кеңейтіліп, сатыдан сатыға өткен сайын тереңдеп ғылыми жағынан байып отырады. Мысалы: 6-сыныпта «Зат есім» тақырыбы бойынша алдымен анықтамасы, сұрақтары, мағыналары, түрлері оқытылса, 7-сыныпта «Зат есімнің түрленуі» тақырыбымен толықтырылады. Яғни, зат есімнің көптелуі, тәуелденуі, септелуі, жіктелуімен сабақтастырылады.

**3. Көрнекілік қағидағи.** Көрнекілік қағидағи пәнді оқыту ісінде өте маңызды орын алады. Тілді оқытуда ерекше қызмет атқарады, таныс емес бес сөзді қаншама қайталап қиналатын білім алушы сурет арқылы көрсетілген жырғама сөзді лезде үйреніп алады деп бекер айтылмаған. Он рет айтқаннан бір рет нақтылы көрсеткеннің пайдалы екеніне ешкім де таласпайды. Сондықтан мұғалім қазақ тілі сабағында көрнекілікті өте ұтымды қолдануы қажет. Көрнекілік қағидағи білім алушылардың қазақ тілінен берілген білімді көрнекілік арқылы оқытуға бағыт береді. Қазақ тілі сабағына тақырыптың ыңғайына қарай, қажетті көрнекілік таңдалады. Көрнекі құралдар білім алушыны қызықтыру қызметін де атқарады. Ол білім алушы зейінін

ұйымдастыруда да маңызды. Сонымен бірге әрі көру, әрі есту, әрі ойлау сияқты бірнеше сезінудің қатысуы тілдік мәліметтің ұзақ сақталуына әсер етеді.

**4. Саналылық пен белсенділік қағидағи.** Мектеп білім алушыларына қазақ тілінен білім беру барысында олардың саналы түсіну қабілеті дамытылып отырылады. Тілдік фактілерге байланысты мәліметтерді білім алушылар жағдайында емес, саналы түрде меңгеруі керек. Білімді саналы меңгерту – мұғалімнің білімдерлігі, түсінігінің айқын дәлдігі, жеткілікті түсіндіруінен көрінеді. Білімді саналы меңгерген білім алушы өз белсенділігін оқудың бұқил барысында көрсете алады. Саналы көзқарас білімді саналы меңгерумен бірге, білім алушының іскерлік пен дағдыны саналы меңгеруге қалыптастырады. Бұл қағидағи – қағида, қазақ тілінен беріліп отырған білімді шеберлікпен айқын да, анық түсіндіргенде, таным процесінің аяқталу барысында белсенділік танытады. Белсенді білім алушы алған білімін жаттығу кезінде де көрсете алады.

**5. Түсінуге жеңіл қолайлылық қағидағи.** Бұл сабақтың алғашқы күнінен бастап үнемі сақталуға тиісті. Мысалы, алғашқы үйретілетін сөзді таңдауда бір буынды сөзді үйрету мен көп буынды сөзді үйретуді салыстырып, білім алушы оның қайсысын тез үйренеді деген сұраққа тәжірибелі мұғалімдер бір буынды сөзді білім алушы тез үйренеді деп жауап береді. Бұл алғашқы сабақтарда қолданылса, сол қалыпта қалуы мүмкін емес. Себебі барған сайын оны күрделендіру қағидағи ұстану керек. Бұл – бір сыныптағы әр сабақта, әр сыныпқа көшкен сайын тілдік материалды оқыту процесінде қолданылатын қағида. Бұл қағида білім алушылардың жас ерекшеліктерін, білім дәрежесі мен сынып түрлерін ескере отырып, мұғалімнің түсіндіруі, оқулық тілі және оның баяндау желісі сияқты үш түрлі ерекшеліктерді басылысқа алады. Қазақ тілінен берілетін теориялық білімнің анықтамалары мен ережелері, терминдері мен өзіндік белгілері, жасалу жолдары мектеп білім алушыларының қабылдау, ойлау сияқты психикалық қасиеттеріне лайықты түсіндіріледі [5].

**6. Оқытудың психологиялық ерекшелігін ескеру қағидағи.** Әр сыныптың өз білім деңгейі болатыны белгілі. Сонымен қатар білім алушының өзіндік жас ерекшелігі мен психикалық ерекшелігі бар. Сондықтан да қазақ тілін оқытуда осы ерекшеліктер ескеріліп, тілдік материал соған лайықталып беріледі.

Білім алушының психикалық ерекшелігі мен білім деңгейінен оның білімді қабылдау мүмкіндігі туады. Ал ол оқу материалының білім алушының қабылдау мүмкіндігіне сәйкес болуын талап етеді. Қазақ тілін оқытуда осы принциптер сақталса, ол білім алушының тақырыпты меңгеруіне қолайлы жағдай болып табылады. Тілді оқытуда бұл қағида сақталмағанда, түрлі қолайсыз жағдайлар болуы мүмкін [3].

Бүгінгі күні әлемдік қауымдастық қатарында өзіне лайық орнын белгілеген біздің мемлекетіміз үшін қазіргі заман талаптарына байланысты өзіндік көзқарасы, саяси түсінігі бар, білімді әрі жоғары білікті жас ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі туындап отырғаны сөзсіз.

Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі – оқу сауаттылығы.

Оқу сауаттылығы:

Ақпаратты табу;

Мәтінді интерпретациялау;

Рефлексия және бағалаудан тұрады.

Оқу сауаттылығы дегеніміз – қарапайым тілмен айтқанда бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі [4].

Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады. Сондай технологиялардың бірі – оқу және жазу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту технологиясы болса, сонымен қатар білім беру мен білім алуға жаңа әдістер болып табылады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі ұстанымдары топтық жұмысқа, еркін ойлауға, жазбаша, ауызша ой алмасуға, мәтін мәнін ашуға, автор іріктеген сөздер мен сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды түсінуге, әрекеттестікке негізделген. Оқу сауаттылығы түсініп оқудан басталып, сөздер мағынасына, грамматика және тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау жасауды қамтиды. Оқу сауаттылығы бойынша оқушылар мектеп аясында және мектептен тыс уақытта нені оқитынын, қандай мақсатпен оқитынын білуі қажет.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал – түрлі жаңа технологиялар, әдістер мен тәсілдер. Біз бұл жұмысымызда оқушылардың оқу сауаттылықтарын қалыптастырудағы белсенді оқыту әдістерінің ролі мен маңызын ашып көрсеткеміз.

«Бірге жиналу – бұл бастама, бірге қалу – бұл алға жылжу, ал бірге жұмыстану – бұл жетістік» деп Генри Форд атап көрсеткендей, оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастырудағы тиімді белсенді оқыту әдістерін анықтау бағытында жүргізіледі.

Сабактың келесідей мақсаты белгіленеді:

- Мектептің оқыту мақсатына тоқтала отырып, ойларын айта білуге жетелеу.

- Мәтінмен жұмыс жасай білуге дағдыландыру.

- Мәтінге сұрақ қоя білуге үйрету.

- Берілген жоғары-төмен дәрежелі сұрақтарға жауап беру.

- Мәтіннен негізгі идеяны таба білу.

- Мәтінге сүйеніп диалог құрастыра білуге дағдыландыру.

- Мәтіннен түсінгеніне сүйеніп, ой қорыға білуге дағдыландыру.

Сабактың пән бойынша мақсаты айқындалғаннан кейін үш деңгейлі оқушыдан күтілетін нәтиже және оқушылар белгіленді.

С деңгейі – мәтін мазмұнын меңгереді, жеңіл сұрақтар құрап, жауап бере алады.

В деңгейі – мәтін мазмұнын меңгереді, жеңіл және күрделі сұрақтар құрастырып, жауап бере алады, мәтіннен алған жаңа ақпаратты сұрыптай алады, түрлі тапсырмаларды орындауға қолдана алады, рефлексия жасай алады

А деңгейі – мәтінді түсінеді, жеңіл және күрделі сұрақтарға жауап бере алады, мәтін бойынша жеңіл және күрделі сұрақтар құрастыра алады, мәтіннен

алған жаңа ақпаратты сұрыптай алады, түрлі тапсырмаларды орындауға қолдана алады, мәтін идеясын өмірмен байланыстырады, рефлексия жасап, ой қорытады.

### 3.2. Мәтінмен жұмыста тілдік дағдыларды дамыту

Оқу мәтіні – дидактикалық және әдістемелік өңделген және автормен жүйеленген ауызша оқу материалы, ол оқу ақпараттың мазмұнымен ерекшеленетін – білім алушылар санаты мен талап етілетін оқу нәтижелерін ескере отырып, меңгеру үшін арнайы іріктелген және дайындалған зерттеу объектісі туралы ақпарат болып табылады.

#### Оқу мәтінінің функциялары:

- ақпараттық – білім алушыларға жаңа білім енгізеді;
- жүйелендіруші – оларды басқа біліммен, білім жүйесімен салыстырады;
- бағалаушы – бағалау жүйесін және зерделенетін объектілерге қарым-қатынасты дамытады.
- Алынған мәтін бойынша түрлі тапсырмаларды орындату оқытушының шеберлігіне байланысты болмақ. Оқытушы әрқандау да:
  - ақиқат ғылымның мазмұнын баяндауы;
  - білім алушыларға түсініктілігі;
  - олардың қызығушылықтарын, қабылдауын, білімге және тәжірибелік іс-әрекетке деген сұранысын дамытуы;

- оқулықтың өз ғылымының, оқу бағдарламасының логикасына сәйкес келуі;

- білімнің әр саласынан хабар беруі;

- оқу материалына қосымша әдебиеттер енгізіп, өздігінен білім алуға және шығармашылыққа итермелеуі керектігін естен шығармағаны жөн.

Ал оқылманың мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әр түрлі деңгейде қабылдау және түсіне білуі, тілдің айтылым заңдылықтарына сәйкес оқи алуы. Оқылғым бойынша біліктілік деңгейін анықтау және бағалау мынадай төрт нысан бойынша тапсырманы орындау нәтижесімен айқындалады:

1) танысып оқу;

2) зерттеу элементтерімен оқу;

3) жүгіртіп оқу;

4) зерттеп оқу» дегендей, мәтінді оқуда осы төрт талап та басшылыққа алынғаны жөн. Әрине, оқулық кешенін тиімді пайдалану, әдіс-тәсілдерді түрлендіріп отыру әр мұғалімнің сабақ барысын қалай ұйымдастыруына байланысты. Қазіргі педагогикалық жүйеде «білім беру» ұғымы жаңа мазмұнмен толығы тиіс. Бұл дегеніміз – шығармашылық қабілеттерін дамытып, шығармашы тұлға қалыптастыруға жағдай жасау. Оқушы шығармашылығы дегеніміз – ой бостандығы мен еріктілік болған жағдайда ойлау үрдісін бірзіділіктен шығарып, логикалық ойлауды талдағыштық тұрғыға жетелеп, өзін-өзі дамытатын ой еңбегі. Қандай оқу құралын ұсынсақ та, тандаған мәтіндер кездейсоқ болмай, нағыз қажеттіліктен туындаса екен. Сонда ұлы Ахмет Байтұрсыннов айтқандай, «осы бастан бұлтатқандай, істің бетін тура ашып алатын нәрсесі мынау: орысша оқымасын демеіміз, өз тілінен жырленбесін. Ал қазақ тілін сақтау керек» [3].

Сондықтан, басты назарды сауатты сөйлей білу мен ойды мазмұнды, бейнелі жеткізуге бағыттау қажет, грамматикаға көп иек арта бермей, оны тұтас

құрылымдарды меңгерту жағына бейімдей отырып, білім алушыларды мазмұнды, жүйелі сөйлеуге дағдыландыруымыз керек. Орыс тілді сыныптарда қазақ тілін биікке көтеріміз десек, оқулықтың мәтіндерін өмірмен үндес, елжандылықты танытатын, рухани тазалықты дәріптейтін, тәрбиеге баулитын мазмұнда таңдай білейік.

#### Оқу мәтініне қойылатын талаптар:

1) ғылымилық (қазіргі ғылым жетістіктерінің деңгейіне сәйкестігі, келтірілген мәліметтердің дәлдігі мен дұрыстығы);

2) берілген материалдың жүйелілігі мен сабақтастығы, қисындылығы мен дәйектілігі;

3) шығарылатын материалдың құрылымы мен порциондылығы;

4) баяндаудың нақтылығы мен айқындылығын қамтамасыз ету есебінен білім алушыларды қабылдау үшін қолжетімділік.

Белгілі бір оқу пәнін меңгеру кезінде пайдалы кез келген мәтінді оқу мәтіні деп есептеуге болады. Классикалық оқу мәтіні (функционалдық және мамандандырылған ретінде) қабылдаудың бір мағыналы орнатумен сипатталады және логикалық ойлау заңдары бойынша құрылады. Кең түсінікте – бұл оқулықта ұсынылған барлық қолжетімді ақпарат. Дәстүрлі түсінікте – белгілі бір мағыналық бірлікті білдіретін жазбаша (немесе дыбысты) түрде жазылған сөйлеу кесіндісі, яғни оқу мәтіні.

Әрине, функционалдық оқу сауаттылығын дамытатын негізгі пәндер – тіл және әдебиет болып табылады.

Жазбаша және ауызша мәтіннің мағынасын кеңейту және айқындау үшін оқу сауаттылығын дамытуға арналған дағдылар мен тапсырмаларды қолдануға болады. Осылайша, оқу сауаттылығын қолдану адам өмірінің құндылықты мәнін түсіну құралы болып табылады [6].

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру негізінде мәтіннің мәнін ұғыну дәл табу:

- Қажетті ақпаратты дәл табу.

- Мәтін бойынша ой түю.

- Талдау жасау.

- Мәтін мен тақырабы арасында байланысты түсіну.

- Мәтіндегі негізгі айды әр тараптан қарастыра алу.

Мәтіннің құндылық-мағыналық мазмұнын анықтау негізінде келесі тапсырмалар беруге болады:

- Мәтінді тақырыпсыз беріп оқыту.

- Қысқаша мазмұнын айтқызу.

- Әр абзацқа ат қойғызу.

- Толық мәтінге ат қою.

- Тірек сөздер табу.

- Мәтін жоспар құрғызу.

- Мәтін және құндылық бойынша қысқаша эссе жазғызу.

Кейбір тапсырмалар арқылы оқушылар мәтін құрастырып, олардың мағынасын сыныптастарына жеткізуді, әңгімелерді түсіну, құндылықтарды көруді үйренеді.

Бұл біртектес жағдайларға қызмет көрсететін шындықтың біртектес фрагменттерін көрсететін көптеген мәтіндердің өкілі. Оқу мәтінінің маңызды сипаттамасы оның көп функциялылығы, ақпаратты сақтау, мәдени кодтар, жалпы және кәсіби білім иесі болу, білім алушылардың санасына әсер ету, оларға уәждемелік әсер ету, олардың креативті қасиеттерін дамытуға ықпал ету болып табылады. Оқу мәтінінің білім алушылардың санасы қалыптасатын іс-әрекет тәсілдерін іске асыру деп қарастыруға болады. Мәтінінің бұзылуы және оның жұмыс істеуі прагматикалық тұрғыдан бағытталған, яғни мәтін белгілі бір мақсаттылық пайда болған жағдайда жасалады және белгілі бір коммуникативтік жағдайларда жұмыс істейді [6].

Білім алушылар үшін әр түрлі өмірлік жағдайларда тіл құралдарын пайдалануды үйрену, күнделікті мазмұнды қарым-қатынас үшін қажетті. Белсенді сөздікті кеңейту және байыту маңызды. Қазіргі уақытта мәтінінің көптеген түрлері бар. Мәтіндер ғылыми, көркем, публицистикалық, ауызекі стиль, ресми-іскерлік стиль болуы мүмкін. Мысалы, тілдік пәндер бойынша мәтіндер мектеп курсының негізгі тақырыптары бойынша орфографиялық және пунктуациялық материалдарды қайталауды және қорытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Мәтіндер білім алушылардың ұсынылған тақырып немесе сұрақ бойынша пайымдауын немесе шығарма, эссе жазуды көздейтін жаттығулармен, соның ішінде шығармашылық тапсырмалармен сүйемелденеді. Оқу мәтіндерінде әр түрлі тапсырмалар, диктанттар, түсіндірме сөздіктер, жаттығулар, тесттер бар.

Тапсырмалар оқушылардың сауаттылық деңгейін бақылауға, мәтінінің мағыналық, лингвистикалық және көркемдік талдауын жүргізе білуін тексеруге арналған. Мәтінмен жұмыс істеу кезіндегі негізгі кезеңдер: Кез келген мәтінмен (баспа/дыбыс/бейне) жұмыс істегенде жұмыстың негізгі үш кезеңін талдауға болады: мәтінге дейінгі, мәтіндік және мәтіннен кейінгі кезеңдер. Әрбір кезеңдердің мақсаттары мен міндеттерін толығырақ қарастырайық.

#### **Мәтінге дейінгі кезең:**

- білім алушылардың уәждемесінің қажетті деңгейін құру;
- қолда бар қордың, оның ішінде тілдік, сөйлеу және әлеуметтік-мәдени сипаттағы білімдер мен тәжірибені белсендіру;
- мүмкіндігінше тілдік, сөйлеу және әлеуметтік-мәдени қиындықтардың деңгейін қысқарту, білім алушыларды тілдік және ауызша қарым-қатынаста күрделі және мазмұны жағынан маңызды мәтіннің жекелеген сәттері» озық сипаттағы тапсырмаларды қолдана отырып, барабар қабылдауға дайындау болып табылады. Мәтін алдындағы кезеңде оқуға дайындық, яғни тілдік қиындықтарды шешу, мәтінде айтылған әлеуметтік-мәдени ұғымдар мен шындықтармен танысу жүргізіледі.

Мәтінмен әрі қарай жұмысты табысты жүргізудің маңызды шарты – сыныпта тілектестік атмосфераны құру, сондықтан педагог пән алдындағы кезеңде білім алушыларды қызықтыруы, оларды жұмысқа тартуы, сол арқылы оң мотивация жасауы тиіс. Мәтін материалымен мәтін алдындағы кезеңдегі тиісті жаттығулар тілдік бірліктерді және сөйлеу операция жасау тәсілдері

үлгілерін саралауға, оларды мәтінде тануға, әртүрлі құрылымдық материалдарды (сөзжасам элементтерін, етістіктің және т.б. түрлік-уақыт формаларын) және болжау дағдыларын қалыптастыру үшін тілдік болжамдарды меңгеруге арналған.

#### **Мәтіндік кезең:**

- тиісті тілдік дағдылар мен сөйлеу біліктерін қалыптастыруды жалғастыру;
- әр түрлі тілдік дағдылар мен сөйлеу біліктерінің қалыптасу дәрежесін бақылау;
- мәтінді интерпретациялау дағдыларын дамыту болып табылады. Мәтіндік тапсырмаларда білім алушыларға оқу түріне (оқып-үйрену, таныстыру, қарау, іздеу), оқу процесінде белгілі бір танымдық коммуникативтік міндеттерді шешу жылдамдығы мен қажеттілігі көрсетілген коммуникативтік қондырғылар ұсынылады.

#### **Мәтіннен кейінгі кезең:**

- ауызша және жазбаша сөйлеуде дағдыларды дамыту үшін мәтінді тілдік/сөйлеу/мазмұндық тірек ретінде қолдану;
- алынған ақпаратты жүйелеу және жалпылау, бейнелік-схемалық ақпаратты (схемалар, кестелер, карталар және т. б.) түсіндіру, сондай-ақ ауызша мәтінді графикалық схемалар мен кестелерге аудару, мәтінді қысу немесе оның мәнін бөлу; алынған ақпаратты жобалау және зерттеу қызметінде пайдалану білімдерімен байланысты әртүрлі когнитивтік, ақпараттық-коммуникативтік біліктерді дамыту болып табылады. Мәтіннен кейінгі тапсырмалар оқылғанды түсінуді тексеруге, оқу материалын меңгеру дәрежесін бақылауға, практикалық тапсырмаларды орындауға арналған [4].

#### **«Мәтін» ұғымына тек сөздер ғана емес, диаграммалар, суреттер, карталар, схемалар, графика, кестелер түріндегі визуалды бейнелер де кіреді.**

«Тұтас мәтіндер» ұғымдары пайда болады (көрнекі бейнесіз), оған кіреді:

- 1) сипаттамасы (көркем немесе техникалық);
  - 2) әңгіме (әңгіме, есеп, репортаж);
  - 3) түсіндіру (ойлау, резюме, интерпретация);
  - 4) аргументация (ғылыми пікір, негіздеме);
  - 5) нұсқаулық (жұмысты орындауға нұсқау, ережелер, жарғылар, заңдар).
- «Қарапайым мәтіндер» (көрнекі бейнеселері бар):
- 1) нысандар (визуалық, салықтық, сауалнамалар және т. б.);
  - 2) ақпараттық парақтар (кестелер, каталогтар, прейскуранттар);
  - 3) қолжаттар (ваучерлер, билеттер, түбіртектер);
  - 4) сертификаттар (ордер, аттестаттар, дипломдар, келісім-шарттар);
  - 5) кестелер, графика, матрицалар;
  - 6) карталар;
  - 7) интернет-ресурстардың бейне-аудио мәтіндері.

Берілген тапсырманы орындау кезінде тапсырма мәнінде көрсетілген кілттік сөздер қалың шрифтімен көрсетіледі. Мәтінді мұқият пысықтау – бұл орындالاتын жұмыстың сипаты бойынша қажетті дәрежеде меңгеру. Білім алушылардың мәтінді оқу ғана емес, оны түсінуі, шешуі, түсінуі қажет. Оқу мәтінін жақсы меңгеру үшін педагог тақырыпқа, бастырмаларға, түйінді сөздерге, мәтінді абзац шегіне бөлуге, астың сызуда, нөмірлеуді енгізуге назар аударады. Мәтін жоспарын жасау білім алушылардың оқу материалын жақсы меңгеруіне ықпал етеді.

Мәтіндерді сабақ тақырыбына тек оқулықтан ғана емес, хрестоматиядан, құралдардан, құжаттар жинақтарынан да есепке ала отырып тандау қажет. Олар нақты, күрделі, проблемалық, қызықты және танымдық болуы тиіс.

Оқыту мәтіндерін мынадай:

- ақпараттың жүйелілігі бұзылған мәтіндер;
- нақты немесе логикалық қателерді қамтитын мәтіндер;
- артық немесе жетпейтін ақпараты бар мәтіндер;
- қарама-қайшы немесе вариативті ақпаратты қамтитын мәтіндер деп бөлуге болады.

Мұғалім оқулықта берілген нұсқау бойынша білім беруші рөлін өзгертіп, сыни тұрғысынан ойлай алатын оқушыны тәрбиелейтін фасилитаторға, нұсқаушыға айналды. Кіріктірілген оқу бағдарламасы бойынша мұғалім оқушыға оқулықта ұсынылған материалды емес, әдеби шығармаларға қоса, мақалалар, электронды хаттар, блогтар, статистикалар, кесте, график, хабарландыру, шолу, жарнама, нұсқаулық, меню, этикеткаларды мәтін ретінде ұсынып, оқыта алады. Бұл өз кезегінде мұғалімге шығармашылыққа кең құлаш жаюға мүмкіндік бере тұрғанмен, сонымен қатар үлкен жауапкершілік артуда. Мақалалар, электронды хаттар, блогтар, статистикалар, кесте, график, хабарландыру, шолу, жарнама, нұсқаулық, меню, этикеткалар мәтін болатын болса, «оларды қалай тандаймыз, қандай параметрлермен өлшейміз, мәтінді сыныпқа әкелмес бұрын нені ескереміз, қандай белгілеріне қараймыз?» деген сауалдар көп туындайды.

Оқылым немесе тыңдалым мәтінін тандау – мұғалімнің күнделікті атқаратын істерінің бірі. Бұл мәтінді мұғалім өзінің жеке критерийлеріне сәйкестігіне қарап тандай береді, көбіне әдебиеттерге, басқа қосымша ақпараттарға сүйенбейді. Мұғалімдер оқушының өзіне оқылым немесе тыңдалым мәтінін тандауға мүмкіндік бермейді. Оқушылар негізінен сол мәтінді қабылдаушының рөлін ғана атқарады. Мұғалімдердің тандаған мәтіндері оқушыға келмейтін болып шығатын жағдайлар да болып жағалы.

Көптеген зерттеушілердің пікірінше, тіл үйретушінің ең қиын деген міндеттерінің бірі – өтімді, оқушыға келісті мәтін тандау. Олай болса, мәтінді тандау кездейсоқтыққа бағытталмай, ұзақ та терең ойлауды қажет ететін үдеріс болу керек. Егер мұғалім мәтінді оқушыға өтімді болатындай іріктесе, оқушылардың бар назары осы тандалған мәтінге ауалды, бұл өз кезегінде мәтіндегі тілдік құрылымдарды қабылдауға, сөздерді жалпына сақтауға, сөздердің тіркесу үлгілерін түсінуге әкеледі.

Бүгінгі таңда бірінші, екінші тіл ретінде де оқитын сыныптарға мәтінді дұрыс таңдауда ескеретін жәйттер анықталып отыр. Мәтінді сауатты таңдағым келеді деген мұғалім өзінің уақытын кейбір маңызды аспектілерді саралауға жұмсағаны жөн деген пікірлер бар.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Ұсынылған әдістемелік нұсқаулардың мазмұнында оқушыларды тиімді оқыту мәтіні арқылы тілді үйрету дағдыларын меңгеруді, оқытуға бағытталған оқу әдістері жан-жақты қамтылған. Әдістер арқылы оқушылардың тілдік дағдысын қалыптастыру, оқушының өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып, өз сұрағына өзі жауап іздеп жан-жақты білім алуына көмектесу жолдары қарастырылады. Орта білім мазмұнын жанарту аясында әзірленген оқу бағдарламалары оқушылардың бір сыныптан екінші сыныпқа өтуі кезінде білімі мен дағдылары қайталанып тексеріліп отыратын шыршық, яғни даму қағидағы бойынша құрылған оқу бағдарламасы моделіне негізделгені айқындалған. Сондықтан мұғалімдердің пайдаланатын оқыту әдісі оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз ету үшін маңызды. Мұғалімдер пайдаланатын мәтіндер мен әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізетіні талданған.

Тілдің қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан тілдің әртүрлі деңгейіндегі тілдік бірліктердің ерекшеліктері, сөйлеудің коммуникативті түрлері, сөйлесімдер мен мәтіндердің коммуникативтілігіне негіз болып отыр. Қоғам талабына сай қазақ тілін оқытуда берілетін білім мазмұны мен оқыту әдістерін жаналау қажет ететіндігі айқындалды. Ондағы мақсат оқушыларды қарапайым болса да өз ойларын еркін жеткізіп қана қоймай, өзара тіл табысып, пікір алысуға үйрету, себебі жалпыға білім беретін орта мектеп білімінің негізгі мақсаты оқушының қазақ тілінде сөйлеу қабілетін жетілдіру. Тіл дамытуда мынадай тілдік материалдарды пайдалануға болады:

а) Тіл дамыту жұмыстарын көркем-әдеби үлгілермен емес, таза «бала тілін» бақылау арқылы жүргізу.

ә) Тіл дамытуда газет-журналдардың, ресми іс-қағаздардың тілін пайдалану.

б) Тіл дамытуда көркем-әдебиет тілінен үлгі алу.

Тіл дамыту жұмыстарын үш салаға бөледі; 1. сөздікпен жұмыс; 2. сөз тіркесі және сөйлеммен жұмыс; 3. байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру жұмыстары.

Соңғы жылдардағы тілші, әдіскер ғалымдардың зерттеу жұмыстарының нәтижесіне сүйенсек, мектеп оқушыларының көпшілігінің сөздік қоры жұтан, сөз тіркестерін, сөйлем және мәтін құрауда дәрменсіздік танытатындығын, ойын жүйелі түрде жеткізе алмайтындығын, ауызша сөйлеу дағдысының төмендігін байқауға болады деген пікірді тілге тиек етіп отыр. Қазіргі кезде оқушылардың ауызша сөйлеу әрекетін қалыптастыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып табылады.

## ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Тілдік пәндер сабақтарына қажетті мәтіндік оқу материалдарын таңдау бойынша педагогтерге арналған әдістемелік ұсынымдар. Әдістемелік ұсынымдар. - Нұр-Сұлтан: Бі. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2019.

2. Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін аудармасыз оқытудың әдістемелік ұсынымдары. Әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Бі. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019